

«Бекітілді»
№23 «Бал тілі» баланың дамуы мен қалыптасуының
менгерушісі



«Бала тілі - бал» түзету жұмысы

Психикалық даму кешеуілдеген ортаңғы топқа арналған

Логопед: Шетірова Ә.Б

2020-2021 жж

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім танымын қабылдауын, сөйлеу тілін және білім деген қызығушылығын оятып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

«Сиқырлы логика әлемі» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін, сөздік қорын дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алынды. "Сиқырлы логика әлемі" түзету жұмысы мектепке дейінгі (3-4 жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС-ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес түзету бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой – өрісін, сөздік қорын арттыруға және балаларға арналған көмекші құрал. Ұсынылып отырған «Бала тілі - бал» түзету жұмысы 3 - 4 жастағы балаларды тәрбиелеу мен сөздік қорын дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яйцо», «Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына:

-Бағдарлама;

-қосымша материал: логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар, жұмбақтар, санамақтар.

Бағдарламаның мақсаты:

Сөздік қорын байыту, сөйлеудің лексико – грамматикалық жағынан дұрыс болуын қалыптастыру. Сауықтыру әдістерін қолдана отырып дыбыстарды айтуын қалыптастыру. Тілге арналған артикуляциялық жаттығулар және демалу, көзге арналған жаттығулар жасату. Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- балалардың сөйлеу, тану және жеке дара ерекшеліктерінің деңгейін танып білу;
- дұрыс сөйлеу демін, ырғақ пен сөйлеудің мәнерлілігін қалыптастыру;
- сөйлеудің просодиялық жағымен жұмыс жасау.
- дыбыстарды айтуын жөндеу.
- фонематикалық қабылдау мен дыбыстық анализ бен синтез дағдыларын жетілдіру.
- буында айтуды қалыптастыру.
- жаңа лексико – грамматикалық ұғымдармен жұмыс жасау;
- жүйелі сөйлеуге үйрету ;
- психикалық міндеттерді дамыту.

ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту;

талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру;

зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту

Нәтижесінде:

Балалар заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;

Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады

Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру

«Бала тілі- бал» түзету жұмысы

№	Сабақтың тақырыбы:	Мақсаты	Қолданатын дидактикалық материал	Сағат саны
1	«Көне, кім тапқыр!»	Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау ,ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерту арқылы сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуға қадағалау.	Логикалық тапсырмалар, үлестірмелі суреттер, сызба карточкалар, санағыш таяқшалар	1
2	«Хайуанаттар бағындағы қызықтар»	Балаларға хайуанаттар бағы туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, артикуляциялық жаттығуларды жасау арқылы дыбысты дұрыс айтуға үйрету.	аңдардың карточкалары, үн таспа, логикалық тапсырма, сызба тапсырмалар	1
3	«Кішкентай математиктер»	Артикуляциялық жаттығуларды нақты орындау, бір қалыпты тыныс алу қалыптастыру. Балаларға жіктеу, орналастыру сияқты логикалық амалдарды ғана емес, ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.	ойынға қажетті карточкалар, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма	1
4	«Ойнайық, та ойлайық»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету, ой-өрісін кеңейту. Бісқырық дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемдерде айтуға машықтандыру.	сандар, үлестірмелі аңдар суреттері, сызба тапсырма	1
5	«Үздік логиктар»	Фонематикалық қабылдауын дамыту. Артикуляциялық моторикасын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру.	түрлі-түсті шарлар, үлестірмелі карточкалар, сандар, сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма	1
6	«Пішіндер сыры»	Артикуляциялық жаттығуларды нақты орындау, бір қалыпты тыныс алу. Балалардың зейінін ойлау қабілеттерін сандардың таңбаларын танып	түрлі түсті пішіндер, (гүл, орамал, бантик, көзілдірік), сызба тапсырма,	1

		ажыратуды, геометриялық денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	логикалық тапсырма	
7	«Ғажайып тапсырмаларға саяхат»	Дыбыстарды дұрыс айтылуын қалыптастыру; фонематикалық есту қабілетін жетілдіру. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	логикалық тапсырмалар, жұмбақ-тар, сандар, үлестірмелікарточка, сызба тапсырма	1
8	«Ғажайып тапсырма әлемі»	Фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру, зейін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру, білімдерін жан жақты дамыту, ұшқыр ойлауға баулу.	үлгі карточкалар, сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма,	1
9	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру. Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.	сызба тапсырма, логикалық тапсырма	1
10	«Логика сыры»	санау ұғымдарын одан әрі жалғастыру, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау, белсенділікке баулу.	ойынға қажетті заттар, сандар, санағыш, сызба тапсырма, логикалық тапсырма	1
11	Ойна да ойлан!	Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыс айтуға машықтандыру. Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын, қысқа, биік, аласа ұғымдарын бекіту, байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту.	ойынға қажетті сурет, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма	1
12	Ойна, ойла, жікте!	Сөздерді анық айтуға үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын, ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	ойынға қажетті сурет тер, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма,	1

13	Зейінді бол	Дыбысты сөзде, сөйлемде бекіту, тілін дамыту, сөздік қорын байыту. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету	ойынға қажетті суреттер, сиқырлы қапшық сызба тапсырмалар	1
14	«Жүзден жүйрік»	Артикуляциялық жаттығуларды толық дұрыс жасауын қалыптастыру.Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру.	сызба карточкалар, сандар, санамақ, логикалық тапсырмалар	1
15	«Сиқырлы қораптың қызықтары»	Артикуляциялық жаттығулар мен тыныс шығару жаттығуларын дұрыс орындау.Заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зиінін дамыту.	сиқырлы қарындаш, логикалық тапсырмалар	1
16	«Кішкентай тапқырлар»	Артикуляциялық жаттығуларды және ұсақ моторика жаттығуларын дамыту.Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру.Белсенділікке шапшаңдыққа,кеңестікті бағдарлай білуге үйрету.	логикалық тапсырмалар	1
17	«Логиктарға тапсырма»	Сөздер туралы білімдерін кеңейту, артикуляциялық жаттығуларды орындату.Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар	1
18	«Көңілді логиктар»	Дыбыстың айтылуын механизмін және артикуляциялық ерекшелігін бекіту.Балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар	1
19	« Бақаның қызықты тапсырмалар»	Зейін қоюға, өз іс-әрекетін бақылауға үйрету. Фонематикалық естуін дамыту.Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру,кеңістікте орналасу қалпын анықтау.Топтастырыл-ған бейнені таба білуге машықтандыру.	бөлме сызбасы, асықтар,ребустар, логикалық тапсырмалар	1
20	Логика сыры	Бет бұлшық еттерін босаңсытып, ауыз қуысына арналған емдік уқалау	сызба тапсырмалар, логикалық	1

		жасау.Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту.	тапсырмалар, «Коломбовое яйцо»,«Игровизор»	
21	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Тыныс алу дағдыларының ұзақтылығы мен бағыттылығын қалыптастырып, артикуляциялық аппараттың қимыл – қозғалысын дамытып дауысты шақыру.Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру,заттардың ұқсастығын ажырата білу,ойлау қабілеттерін арттыру.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақ	1
22	Ойнап жүріп, ойлайық!	Балалардың сөздік- логикалық ойлауын, ұсақ қол моторикасын, фонематикалық есту қабілетін дамыту, белсенді және енжар сөздік қорын молайту.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар	1
23	«Ойлан тап»	Фонематикалық естуін ажыратуын дамыту. Буындарда шатастырудан алдын алу. Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар	1
24	«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар	1
25	«Тез ойла,ойна!»	Буында жиі қайталау арқылы дыбысты анық айтуын жаттықтыру.Сөздік қорларын молайту. Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар	1
26	« Математика әлемінде»	Фонематикалық қабылдауын, дыбыстық талдауын дамыту.Геометриялық денелерді атау,ажырата білулерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды ,кейін тура санау қабілеттерін бекіту. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін,тапқырлықтарын дамыту,достыққа тәрбиелеуге, ойын түрде білімдерін тиянақтау.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1

27	Кім жылдам?	Артикуляциялық жаттығуларды жасау арқылы дыбысты дұрыс айтуға үйрету. Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым, түсініктерін бекіту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
28	«Пысықтаушы логика жаттығулары»	Тілге арналған артикуляциялық жаттығу жасату. Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері; ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшандылыққа, дәлдікке тәрбиелеу.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
29	«Бауырсақтың тапсырмалары»	Сөздерді дыбыстарды анық айтуға үйрету. Сандар, пішіндер туралы білімдерін жетілдіру. Логикалық есептерді арқылы көп аз ұғымдарын дамыту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
30	«Логикалық жаттығулардың сиқыры»	Фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру. Кеңістікте бағдарлай алуға, зейіндерін, қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы дамытуға, белсенділікке, тапқырлыққа үйрету.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
31	«Пішіндер тапсырмалары»	Бет бұлшық еттерін босаңсытып, ауыз қуысына арналған артикуляциялық жаттығу жасау. Тыныс алу жаттығуларын жасап дағдыландыру. Түс пен сандар туралы білімдерін жетілдіру, логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
32	Қызықты тапсырмалар	Сөз бен сөзді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
33	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Пішіндер жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын, қиялдарын дамыту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
34	«Қызықты математика»	Фонематикалық естуін ажыратуын дамыту. Артикуляциялық жаттығуларды жасау арқылы қалыптастыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту.	логикалық тапсырмалар, сандар, сызба тапсырмалар, сандар	1
35	«Сандықтағы	Артикуляциялық жаттығуларды жасау	логикалық	1

	қызықты тапсырмалар»	арқылы дыбысты дұрыс айтуға үйрету. Логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту.	тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	
36	Не білдім, не үйрендім	Фонематикалық қабылдауын, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын арттыру, зейін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау; есептеу дағдыларын жаттықтыру; геометриялық пішіндер және геометриялық денелер туралы білімдерін бекіту; баланың тілін, ойын танымдық қабілетін дамыту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
	Барлығы			36 сағат

